





**Жүсіп Баласағұн атындағы
Қырғыз ұлттық университетінің
ректоры, профессор
Д.Т.Чонтоевке**

Құрметті Доғдурбек Тоқтосартұлы!

Құрметті университет ұжымы

Сіздерді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы және өз атымнан Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің құрылғанына 100 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Университеттің ғасырлық тарихы – ғылым мен білім саласындағы жоғары жетістіктердің, білікті ғалым-ұстаздарың елеулі еңбегінің жемісі.

Бүгінде бұл оқу орны ұлттық мәртебесіне сай Қырғыз Республикасындағы жетекші білім ордасына айналды.

Университет ғылымдағы қалыптасқан дәстүрлерді заман талабымен ұштастырып, жастарға сапалы білім беруде.

Білікті басшы мен тәжірибелі ұжымның арқасында университет халықаралық рейтингтерде жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Университет түлектері Қырғызстанмен қатар шет мемлекеттерде үлкен сұранысқа ие болып, ел экономикасы мен руханиятының дамуына елеулі үлес қосуда.

Жаңа белесті бағындырған оқу орнының профессор-оқытушылар құрамына, студент жастарына мол табыстар тілеймін.

Біз университеттер арасындағы бауырластық, достық пен әріптестікке негізделген ынтымақтастықты жоғары бағалаймыз.

Алдағы уақытта бұл байланыстар нығайып, жаңа жетістіктерге жол ашатынына сенімдімін.

Отбасыларыңыздан құт-береке кетпесін, ғылым жолындағы еңбектеріңіз еселене берсін!

**Әл-Фараби атындағы Қазақ
Басқарма Төрағасы-Ректоры**



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ